

## **«Б02302- Аударма ісі»( шығыс тілдері) білім беру бағдарламасы «Аударма теориясы» пәні бойынша емтихан бағдарламасы**

**Өткізілу түрі:** жазбаша, дәстүрлі

**Платформа:** АЖ UNIVER жүйесі

**Формат:** офлайн

**Емтихан бағдарламасының мазмұны:**

**Теориялық бөлігі**

Аударма теориясы бойынша аналитикалық ойлау, аудармаға қатыст сұрақтарды сипаттау және түсіндіру.

**Тапсырма:**

1. Теориялық тапсырманы орындау.
2. Теориялық тапсырманы орындау.
3. Арнайы құрылымдық типтегі мәтінге аударма жасау.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Аударма практикалық шарты және әдістеріне талдау және шолу жасау, теориялық тапсырманы орындау, арнайы құрылымдық типтегі мәтінді аудару және аударма принциптерін айқындау.

**Әдебиеттер:**

1. 汉俄翻译教程 上海 2016 年
2. 汉俄翻译教程 北京 2014
3. А. Тарақов. Аударма әлемі, Алматы, Қаз ҰУ баспасы, 2012ж
4. Н.Абдурақын. Қытай мифтерінің аудармасы, Алматы. 2012 ж
5. Қайша Т. Мұқағали М, аудармасы, қытай тілінде. ҚХР 2013ж,

### **ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат**

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көрсетілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім, теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; практикалық тапсырма толығымен шешілген; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; шығармашылық қабілеттері көрсетілген;

-«жақсы» бағасы-барлық теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар; мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі;

-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру;

-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:**

1 Блок бойынша – макс. 30 балл

2 Блок бойынша – макс. 30 балл

3 Блок бойынша - макс. 40 балл

Барлығы - 100 балл